

**Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар пайда болған кезде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қағидасын және жасыл екпелерді ұстау, елді мекендер аумақтарын көріктендіру Қағидасын бекіту туралы.**

Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2005 жылғы 18 наурыздағы N 13/66 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 27 сәуірде N 3012 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ етеді:

қоса берілген табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар пайда болған кезде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасы және жасыл екпелерді ұстау, елді мекендер аумақтарын көріктендіру қағидасы бекітілсін.

*Сессия төрағасы Т. Қайтаев*

*Мәслихат хатшысы Б. Оралов*

Павлодар аудандық мәслихатының  
(3 сайланған 13 сессиясы)

2005 жылғы 18 наурыздағы N 13/66

"Павлодар ауданының аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік қағидалары туралы" шешімімен бекітілген

**Павлодар ауданының аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік қағидалары**

Осы қағида Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Кодексінің және олардың нормативтік талаптарының негізінде әзірленген, халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді төтенше жағдайлар мен олар туғызған зардаптардан қорғау тәртібін белгілейді.

## **1. Жалпы ережелер**

Бұл қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Төтенше жағдай - адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығындарға ұшыратып, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін авария, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай;

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар - дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны және басқалар), табиғи, өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдануы туғызатын төтенше жағдайлар;

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар - өнеркәсіп, көлік авариялары және басқа да авариялар, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық жағынан қауіпті заттарды тарататын (тарату қаупі бар) авария, үйлер мен ғимараттардың кенеттен қирауы, бүгендердің бұзылуы, тіршілікті қамтамасыз ететін электр-энергетика және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авария туғызған төтенше жағдайлар;

Төтенше жағдай аймағы - төтенше жағдай туындаған белгілі бір аумақ.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар таралу ауқымына қарай:

объектілік (зардаптардың таралуы қондырғы, цех, объектімен шектелген);  
жергілікті (зардаптардың таралуы пункт, аудан, облыспен шектелген) болып б о л і н е д і ;

Авария - технологиялық процестің бұзылуы, механизмдердің, жабдықтар мен ғимараттардың зақымдануы ;

Зілзала - төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққан жойған құбылыс;

Төтенше жағдайлардың алдын алу - алдын ала жүргізілетін және төтенше жағдайлардың пайда болу қатерін мүмкін болғанынша азайтуға, адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтауға, залал мен материалдық шығын мөлшерін кемітуге бағытталған шаралар кешені .

Төтенше жағдайларды жою - төтенше жағдайлар пайда болған кезде жүргізілетін және адамдардың өмірін сақтап, денсаулығын қорғауға, залал мен материалдық шығындар көлемін азайтуға, сондай-ақ төтенше жағдайлар аймағының одан әрі таралмауына бағытталған құтқару, авариялық-қалпына келтіру жұмыстары мен басқа да кезек күттірмейтін жұмыстар.

## **2. Халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғаудың негізгі принциптері**

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғаудың негізгі принциптері м ы н а л а р :

1) жариялылық және халық пен ұйымдарды болжанып отырған және пайда болған

төтенше жағдайлар, олардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шаралар туралы  
х а б а р д а р е т у ;

2) егер ұйымдар мен азаматтардың қызметі ықтимал қауіп туғызатын болса, оның қатер төндіру және зиян келтіру деңгейін алдын ала анықтау, халықты қорғаныс әдістеріне үйрету және төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын жүзеге асыру;

3) төтенше жағдайларды жою жөніндегі құтқару, авариялық-қалпына келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу міндеттілігі, шұғыл медициналық жәрдем көрсету, халықты және зардап шеккен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, төтенше жағдайлар салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге келген зиянды өтеу болып табылады.

### **3. Ұйымдардың міндеттері**

Меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, ұйымдар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында:

1) өз жұмысының орнықтылығын арттыру және қызметкерлер мен халықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жоспарлап, өткізуге;

2) төтенше жағдайлардың пайда болу қаупі туралы немесе пайда болуы туралы белгіленген тәртіппен ақпарат беріп отыруға, қызметкерлер мен халықты бұл жөнінде  
х а б а р д а р е т у г е ;

3) қызметкерлерге төтенше жағдайлар кезінде әскерилендірілмеген құрылымдар құрамында қорғану және әрекет ету әдістерін үйретуге, төтенше жағдайлар туралы хабардар ететін жергілікті жүйе құрып, оны үнемі әзірлікте ұстауға;

4) қарауындағы өндірістік және әлеуметтік мақсаттағы объектілерде, соларға іргелес аумақтарда бекітілген жоспарларға сәйкес қорғану шараларын құтқару, авариялық-қалпына келтіру және төтенше жағдайларды жою жөніндегі басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге;

5) заңдарда көзделген реттерде, төтенше жағдайлардың салдарынан қызметкерлер мен басқа да азаматтарға келтірілген залалдың өтелуін қамтамасыз етуге, төтенше жағдайлар жойылғаннан кейін қоршаған ортаны сауықтыру, ұйымдар мен азаматтардың шаруашылық қызметін қалпына келтіру шараларын жүзеге асыруға  
м і н д е т т і .

Ұйымдардың басшылары төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шаралардың, арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың міндетті күші бар нұсқамаларының орындалуына дербес жауап береді.

### **4. Халықтың құқықтары мен міндеттері**

Қазақстан Республикасы азаматтарының табиғи және техногендік сипаттағы  
т ө т е н ш е ж а ғ д а й л а р с а л а с ы н д а :

1) Қазақстан Республикасы аумағындағы белгілі бір жерлерде болғанда өздері душар болуы мүмкін қатер туралы және қажетті қауіпсіздік шаралары туралы хабардар  
б о л у ғ а ;

2) азаматтарды, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізуші объектілерді төтенше жағдайлардан және олар тигізетін зардаптардан қорғау мәселелері жөнінде мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей жүгінуге, жеке және ұжымдық үндеулер жолдауға;

3) төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шараларға қатысуға, ұжымдық және жеке қорғану құралдарын, азаматтарды қорғауға арналған басқа да мүлікті пайдалануға;

4) төтенше жағдайлар пайда болған ретте өмірін, денсаулығын және жеке мүлкін қорғауға;

5) міндетті мемлекеттік әлеуметтік сақтандырылуға, төтенше жағдайларды жою барысындағы міндеттерді орындау кезінде өздерінің денсаулығына келтірілген залал үшін өтемақылар мен жеңілдіктер алуға;

6) зақым алуына немесе ауруға шалдығуына байланысты еңбек ету қабілетінен айырылған, зақымданудан немесе аурудан қаза тапқан немесе қайтыс болған асыраушысынан айырылған жағдайда, егер олар төтенше жағдайларды жою жөніндегі міндеттерін атқару салдарынан болса, зейнетақымен қамсыздандырылуға;

7) төтенше жағдайлар салдарынан өздерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасының азаматтары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында:

1) Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар және азаматтарды, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізуші объектілерді олардан қорғау саласындағы заңдарын сақтауға;

2) төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соқтыруы мүмкін авария, зілзала және апат жайында тиісті органдарды хабардар етуге;

3) тұрмыста, күнделікті еңбек және шаруашылық қызметінде қауіпсіздік шараларын сақтауға, төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік және технологиялық тәртіптің, қауіпсіздік талаптарының бұзылуына жол бермеуге;

4) азаматтық қорғаныс дабылдарын, төтенше жағдайлардың пайда болу қаупі төнген немесе олар пайда болған кезде жүріп-тұрудың белгіленген ережелері мен іс-қимыл тәртібін білуге, негізгі қорғану әдістерін, зардап шеккендерге алғашқы медициналық жәрдем көрсету тәсілдерін, ұжымдық және жеке қорғану құралдарын пайдалану ережелерін үйренуге, өздерінің осы білімі мен практикалық дағдыларын ұдайы жетілдіріп отыруға;

5) төтенше жағдайларды жою жөнінде өткізілетін оқу-жаттығуларға қатысуға, халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғау құралдарына ұқыпты қарауға міндетті.

## **5. Қорғану шаралары**

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар пайда болған кезде қатер төнуін, шығындар мен залалды мүмкін болғанынша барынша азайту үшін мынадай қорғану шаралары жүзеге асырылуға тиіс:

- 1) сейсмикалық жағынан берік құрылыстар салу және үйлер мен ғимараттардың сейсмикалық беріктігін күшейту;
- 2) гидротехникалық және инженерлік-геологиялық қорғану шаралары;
- 3) көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көлікте төтенше жағдайларды болғызбау үшін коммуникациялар жүйелерін жетілдіру;
- 4) қауіпті өндірістік объектілердегі қорғану шаралары;
- 5) өрттерге (жарылыстарға), індеттер мен малдың жұқпалы ауруларына, ауылшаруашылық өсімдіктері мен ормандардың кеселдермен және зиянкестермен зақымдануына жол бермеу шаралары;
- 6) арнайы уәкілдік берілген органдардың міндетті күші бар нұсқамаларында көздеген басқа да шаралар.

Жағдайды тез арада тұрақтандыру, заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету, қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге жағдай жасау мақсатында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймақтарында төтенше жағдай режимі енгізілуі мүмкін.

Төтенше жағдай режимі енгізілген кезде басқарудың ерекше түрлерінің белгіленуі, азаматтардың жекелеген құқықтары мен бостандықтарының шектелуі, Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген басқа да шаралардың қолданылуы мүмкін.

Төтенше жағдайлар пайда болған және төтенше жағдай жарияланған кезде: кіру және шығу режимін бұзуға; жиналыс, митинг, шерулер мен демонстрациялар, сондай-ақ ойын-сауық, спорттық және де басқа көпшілік іс-шаралар өткізуге; ереуілдер өткізуге; карантин және міндетті санитарлық-эпидемияға қарсы шаралар талаптарын орындамауға;

байланысты пайдаланудың ережелерін бұзуға; коменданттық мезгіл кезінде арнайы берілген рұқсатнама мен жеке басының куәлігінсіз жүрген азаматтарды табуға; көлік қозғалысы шектеулерін бұзуға тыйым салынады.

## **6. Жауапкершілік**

Осы қағидаларды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 362, 363 баптарына сәйкес жауапкершілікке тарту қарастырылған.

## **7. Ереже қорытындылары**

Осы қағидамен реттелмеген мәселелер заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.

Павлодар аудандық мәслихатының  
(3 сайланған 13 сессиясы)  
2005 жылғы 18 наурыздағы N 13/66  
"Павлодар ауданының елді мекендерін қорғау туралы" шешімімен  
қағидалары бекітілген  
**Павлодар ауданының елді мекендерін қорғау туралы**

Осы қағида Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңдарының және олардың нормативтік талаптарының негізінде әзірленген, елді мекендердің санитарлық жағдайы мен қорғау туралы талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылуды, сыртқы жарықтандыру объектілерінің, жасыл екпелердің, ғимараттар мен басқа инфрақұрылым объектілерінің жағдайын айқындайды.

## 1. Жалпы ережелер

1. Бұл қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) аймақты қорғау - адамның елді мекен аумағында қолайлы өмір сүруін қамтамасыз ететін жұмыстар мен элементтер кешені;
- 2) инженерлік желілер мен құрылыстар - халықты және кәсіпорынды жылумен, сумен, электр энергиясымен, сондай-ақ елді мекен аумақтарынан жер үсті суларын жинау мен бөлу үшін арналған елді мекендерді қорғаудың маңызды элементі;
- 3) жасыл екпелер - санитарлық-гигиеналық жағдайды және қорғау мен сәулеттік-ландшафттық рәсімдеудің (газондар, гүлзарлар, ағаштар, бұталар) деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін елді мекеннің жоспарлы шешімінің элементі;
- 4) жер жұмыстары - аумақтардың жерлерін жырту, жер бетін алу, қайта жабу, к о т л о в а н д а р ә з і р л е у ;
- 5) жер пайдаланушы - жер учаскелерін пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;
- 6) үй иесі - жеке меншігінде үй құрылысы бар заңды немесе жеке тұлға;
- 7) бөлінген аумақ - жер пайдаланушыға тиісті уәкілетті органдардың шешіміне сәйкес оның қарамағындағы объектілерді (ғимараттар, көлік магистралі және басқалар) орналастыру үшін меншікке немесе пайдалануға берілген жер учаскесі;
- 8) бекітілген аумақ - уәкілетті органның күту және қызмет көрсету үшін заңды немесе жеке тұлғаға бекітілген жер учаскесі;
- 9) көше - жүру жолы, тротуар, жасыл екпелер, аялдамалар, жер асты және жер үсті инженерлік желілер орналасқан аумақ;
- 10) қоғамдық орын - жалпы пайдаланымдағы демалу орындары (саябақ, жағажай және басқалар), алаңдар, гүлзарлар және басқалар;
- 11) құрылмаған аумақ - жобалаудың негізгі нысандарын қолдануды шектейтін жер

үсті және жер асты құрылыстарының түрлері жоқ аумақ;

12) уәкілетті мемлекеттік аумақ - Павлодар ауданының қала құрылысы, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі.

## **2. Елді мекендердің аумақтарын тазалау тәртібі**

2. Үнемі тазалық пен тәртіпті сақтау мақсатында, меншік нысанына тәуелсіз ұжымдар мен кәсіпорындардың, сондай-ақ жеке үй иеленушілердің бекітілген аумақты тазартуға қатысуларын міндетті деп есептей отыра, аптаның әр жұмасы тазалық күні д е п б е л г і л е н с і н .

3. Меншік нысанына тәуелсіз ұйымдар, жеке үй иеленушілер бөлінген және бекітілген аумақтар шегінде өз есебінен мынадай іс-шаралар өткізуге міндетті:

1) аула аумақтарын жүйелі түрде тазартып, тазалық пен тәртіпті ұстау;

2) жасыл екпелерді ұстау: ол үшін агротехникалық іс-шаралардың толық кешенін жүргізу: ағаштарды суару, кесу, ағаш бұтақтарын тазартып ағарту, тамырлы өсімділерін жою, тыңайтқыштармен қоректеу, жас ағаштардың бұтақты шеңберлерін өңдеу, жаралы жерлерін дезинфекциялау, емдеу, сондай-ақ арам шөптерді механикалық өңдеу жұмыстары (арамсоюу, жусан, кенепшөп және басқалары);

3) ауыл шаруашылық зиянкестері мен аурулармен, карантин арамшөптермен жүйелі түрде к ү р е с жү р г і з у ;

4) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының табиғатын қорғау туралы" Заңына сәйкес жасыл қордың сақталуын қамтамасыз ету. Жалпы пайдаланымдағы жерлерде орналасқан жасыл екпелер қол сұғылмайтын мемлекеттік қорды құрайды және заңмен қатаң қорғалады.

4. Жыл сайын сәуірде, қазанда ауданның елді мекендерін көріктендіру және санитарлық тазарту айлықтарын жүргізу.

5. Жер асты коммуникацияларының иелері өз коммуникацияларын ұстауға және уақытында жөндеуге, жөндеуден кейін газондарды, жаяужол мен автожолды қалпына к е л т і р у .

6. Үй-жайларды иеленуші немесе жалдаушы, тиісті бір аумақтар бекітілген ұйымдар (меншіктің барлық нысанындағы), жеке тұлғалар қоқысты, қатты тұрмыстық қалдықтарды өз есебінен жинап шығарады.

7. Меншіктің барлық нысанындағы ұйымдар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар, үй иеленушілер бөлінген және бекітілген аумақтарда өздері тазартады, немесе бұл жұмыстарды келісім шарт бойынша мамандандырылған кәсіпорындар орындайды:

1) темір жолды (оның ішінде көпірлер, қиғаш жолдар, жол үсті) және шеткі рельстен он метр қашықтықтағы жер учаскелерін жинау осы құрылымдарды пайдаланып отырған темір жол ұйымдарымен жүргізіледі;

2) сауда орындары және басқа да халыққа қызмет көрсету пункттері бар жеке тұлғалар, сондай-ақ осы үй-жайларды жалға алушылар, күн бойы тазалық сақтайды

және жұмыс соңында қарамағындағы учаскелерде, құрылыстан он метр қашықтықтағы жерде қоқыстан тазарту жұмыстарын жүргізеді;

3) киоскілер, палаткалар, ұсақ бөлшек сауда және дүкен павильондары жанында ыдыстар мен тауар қорын сақтауға, сондай-ақ сақтау үшін бекітілген аумақтарды пайдалануға тыйым салынады;

4) күз кезінде түскен жапырақтарды, олар желмен көшелерге, жолдарға ұшуы, немесе газондарды жабуы мүмкін жерлерде уақытында жинау қажет. Жиналған жапырақтарды арнайы белгіленген учаскелерге апарып тастау керек. Тұрғын үй аумақтарында, гүлзарлар мен саябақтарда жапырақтарды жағуға тыйым салынады.

### **3. Қоқысты, қатты және сұйық тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару тәртібі**

8. Сұйық қалдықтар арнайы кәсіпорындармен келісім бойынша, немесе арнайы көлік (ассенизаторлық машина) болған жағдайда өз күшімен шақырылады.

9. Жеке тұлғалар мен кәсіпорындар қоқыс пен қатты тұрмыстық қалдықтарды өз күштерімен және өз қаражатымен арнайы белгіленген үймелерге шығарады.

10. Қоқыстар мен тұрмыстық қалдықтарды шығару жөніндегі бақылауды санитарлық-эпидемиологиялық станция жүзеге асырады.

### **4. Елді мекен аумақтарын қысқы жағдайда жинау және ұстау**

11. Шатырларды қардан тазарту, карниз, шатыр және су ағатын құбырлардағы мұзды жою үй иелерінің немесе ғимарат пен құрылыстарды жалдаушылардың күшімен жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Жұмыс барысында жаяу жүрушілердің бақытсыз жағдайға ұшырауын болдырмау және ауа желілерінің, көше шамдары мен жасыл екпелердің бұзылмауы жөніндегі сақтану шараларын міндетті түрде қолдану қажет.

12. Меншіктің нысанына тәуелсіз жеке және заңды тұлғалар аумақтарды жинауды өз күштерімен жүзеге асырады.

### **5. Көшелерді, жолдарды және жол белгілерін пайдалану, оларды ұстау және қорғау тәртібі.**

13. Елді мекендер көшесінде:

1) көшелерді, жолдарды және жол құрылыстарын, белгілерін, жол қозғалысының реттеу және ұйымдастыру құралдарын, жасыл екпелерді және басқа да жол құрылымын зақымдауға;

2) көшенің жүру бөлігін, жолды, жол көрсеткіштерін, дренаж құрылғысының кірленуіне, сондай-ақ тиісті орамасыз көшелер мен жолдарды ластайтын жүктерді тасымалдауға;

3) көшелер мен жолдарды, жол құрылыстарын қандай да болсын заттармен, құрылыс материалдарымен, машиналармен үймелеп қоюға;

4) көшелер мен жолдарға канализациялық және ағынды суларды ағызуға;

5) қысқы кезде жүру көшелерін тазарту жағдайларынан басқа, баяу жүретін техниканың жүруіне тыйым салынады.



## **6. Елді мекендер аумағында жол жабындылары, жаяужол, газондар және көріктендіру мен инженерлік құрылымдардың басқа элементтерін бұзумен байланысты жұмыстарды жүргізу тәртібі**

14. Заңды және жеке тұлғалар жер жұмыстарын, немесе елді мекендер аумағында жол жабындылары, жаяужол, газондар және көріктендіру мен инженерлік құрылымдардың басқа элементтерін бұзумен байланысты басқа жұмыстарды, уәкілетті органның жазбаша рұқсат қағазы бойынша ғана жүргізе алады.

15. Шұғыл түрде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді, жол жабындыларын ашуды, көшелерді, алаңдарды және жалпы пайдаланымдағы басқа орындарды қазуды талап ететін инженерлік желілердің апаты кезінде, апат орнына уәкілетті орган өкілдерін шақыру қажет. Жұмысқа рұқсат қағазын алғаннан кейін ғана кірісуге болады.

## **7. Жасыл екпелерді ұстау және қорғау**

16. Жасыл екпелерді ағымдағы ұстау, ұдайы өндіру және сақталуына жауапты болу аумақтар бекітілген иеленушілерге, жер пайдаланушыларға, заңды және жеке тұлғаларға жүктеледі:

Тұрғын үй аймақтарында, тұрғын үй маңындағы көшелерде;

Құрылысқа арналған аумақтарда, жұмыс басталған күннен - тапсырыс беруші немесе оның сенімхаты бойынша бас мердігер - құрылыс ұйымы.

17. Құрылыс, жер асты коммуникациялар мен инженерлік желілерді орнату орындарындағы жасыл екпелерді бұзу және қайта отырғызу жасыл екпелерді бұзу актісі болған жағдайда рұқсат етіледі.

18. Құрылыс пен жөндеу жұмыстарын жүргізуші кәсіпорындар мен ұйымдар құрылыс орындарындағы жасыл екпелердің, газондардың шарасыздан жойылуы керек болған жағдайда сметада олардың қалпына келтіру құнының төленуін қарастыру қажет.

19. Жасыл екпелерді бұзу, мамандандырылған кәсіпорынның есебінен қалпына келтіру құнын төлегеннен кейін, уәкілетті органның келісімі бойынша, кейіннен жасыл екпелерді отырғызу үшін, мамандандырылған кәсіпорындармен ғана жүзеге асырылады.

20. Жұмыс кезінде заңды және жеке тұлғалар: жасыл екпелерді зақымданудан қорғауға міндетті.

21. Жер пайдаланушылар бекітілген аумақтарда жасыл екпелерді күтуге міндетті, оның ішінде:

1) қоқысты жинау, газондарды тырнауышпен өңдеу, құрғақ жапырақтарды жинау, арамшөптерді жою, газондарды кесу, бұталар мен газондарды қию; бір жарым метрден кем емес көлемде топырақты өңдеу; вегетациялық кезең бойы жасыл екпелерді суару; жасыл қордағы ағаштар мен бұталарды отырғызу, жөндеу жұмысын жүргізу; ағаштардың жапырақтарын, құрғақ бұтақтарын, өсінділерін, сынған бұтақтарын кесу;

ауру және құрғап қалған ағаштарды жою (комиссия актісі бойынша);  
көктемгі кезде шұңқырларды өңдеу, қажетті жерге топырақ толықтыру, күзгі-қысқы  
кезде зақымданған ағаштарды суару.

22. Жасыл екпелер аумағында:  
құрылыс материалдарын, топырақ, отын, көмір және басқа заттарды сақтауға;  
газондарды, гүлзарларды ластауға;  
газондардан жүруге, ағаштарды, бұтақтарды сындыруға және кесуге, басқа да  
зақымданулар жасауға;  
ағаштар мен бұталарды өз еркімен кесіп алуға;  
гүлдерді жұлуға, көп жылдық гүлдердің тамырларын, сондай-ақ раушан, шұғылық,  
флокс гүлдерінің бұталарын шабуға;  
от жағуға;  
ағаштарға электр желісін, сымдар, өткеншек, жіп, жарнама мен таблицалар  
орнатуға;

бау-бақшалық мүккамалды: орындық, урна, қоршауларды құртуға;  
көшелерде, скверлерде, саябақта, стадионда, мектеп жанындағы учаскіде және  
жалпы пайдаланымдағы басқа да орындарда мал бағуға;  
газондар мен гүлзарларда көкөніс отырғызуға тыйым салынады.

## 8. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларын ұстау

23. Көшелерде, алаңдарда, скверлерде сыртқы жарықтандыру қондырғыларын ұстау  
, қызмет көрсетуі, ағымдағы және күрделі жөнделуі ауылдық округ және ауыл  
әкімдеріне жүктеледі.

24. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларына мыналар жатады:  
1) электр энергиясымен жабдықтау қондырғылары, қуат беру желілері, қуат беру  
пунктілері, үлестіргіш желілері;  
2) электр желілерінің қорғану қондырғылары;  
3) басқару қондырғысы;  
4) трос ілгіші.

25. Түрлі қолданыстағы жарық ілгіштері бар учаскелерде сыртқы жарықтандыру  
қондырғыларының қызмет көрсетуі желілер иесінің таяныштарына өз өткізгіштерін  
ілген ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

26. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларын ұстау және қызмет көрсетуге мынадай  
іс-шаралар жатады:

1) сыртқы жарықтандыру қондырғыларын техникалық жарамды хал-күйде ұстау,  
сонымен қатар сандық және сапалық көрсеткіштері, шамдарды және қатардан шыққан  
шамдардағы сейілгіштердің ауысуын қосқанда қойылған параметрлерге сәйкес келеді,  
шамдарды тазарту;

2) сыртқы жарықтандыру қондырғыларының белгіленген жұмыс режимін  
қамтамасыз ету, ауылдық округ әкімі бекіткен кесте бойынша уақытында жандырып

сөндіруді бақылау, жартылай және толық сөндіру, жұмыс істемейтін шамдарды айқындау, олардың тез арада жөнделуін қамтамасыз ету.

27. Шамдардың жану пайызын және сыртқы жарықтандыру қондырғыларының хал-күйін айқындау үшін пайдаланушы кәсіпорындар күзгі-қысқы кезеңде екі аптада бір рет тексеру жүргізеді және сыртқы жарықтандыру қондырғыларының хал-күйі жөнінде акт жасайды. Шамдардың жану пайызы 95%-дан кем болмау керек.

28. Темір таяныштар, кронштейндер және сыртқы жарықтандырудың басқа да элементтері жағдайына байланысты үш жылда бір рет сырланады.

## **9. Инженерлік желілерді, құрылыс пен коммуникацияларды ұстау тәртібі**

29. Қарамағында инженерлік коммуникациялары бар заңды және жеке тұлғалар елді мекендердің көріктенуіне зиянын тигізуі мүмкін инженерлік желілер мен құрылыстардың техникалық хал-күйін тұрақты түрде бақылап отыруға міндетті:

аумақтық су басып кетуін болдырмау;  
белгіленген және қорғалатын аймақтық санитарлық жағдайын қадағалау;  
люктардың, құдықтардың жабындысы қысқы кезде жол жабындысымен бір деңгейде болғанын қадағалау;

жер асты желілерінің бетіндегі, монтаждау, пайдалану ережелерін сақтамағанның салдарынан бұзылуы мүмкін қатты немесе қара жабындыларының жағдайын қадағалау ;

30. Қатты жабындылары бар аумақта күрделі жөндеу немесе жаңғырту жұмыстарын жүргізу кезінде инженерлік желілер құдықтарының люктарын талап етілген белгілерге сай келтіру, газондарды, жаяужолды, автожолды коммуникациялардың қорғалатын аймағының ауқымына келтіру тапсырыс берушінің есебінен жүзеге асырылады.

31. Жер асты коммуникацияларды құру, күрделі жөндеу немесе жаңғырту автожолдардың, алаңдардың және жалпы пайдаланымдағы басқа да жерлердің жаңғыртуы басталудан бұрын жүзеге асырылуы тиіс.

32. Қысқы кезде елді мекендердің су колонкаларының бес метр радиустағы маңын мұздан және қоқыстан тазарту және шығару, колонкаларға бару жолды, сондай-ақ су ағызатын құрылғыны ұстау су колонкаларын иеленуші жүзеге асырады.

## **10. Жер пайдаланушылардың және елді мекен аумағында жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізетін адамдардың міндеттері**

33. Жер пайдаланушы :

қолданыстағы санитарлық нормаларға сәйкес, белгіленген және бекітілген аумақтарды, инженерлік желілерді және олардың элементтерін (құдық, люк, теміртор, таяныш, насос станциясы, жылу беру пункттері, трансформатор подстанциясы, және басқалар) тиісті жағдайда ұстауға;

сұйық қалдықтарды жинау үшін санитарлық нормаға сәйкес шұңқырлардың болуы; құрылыс қалдықтарының, қатты тұрмыстық қалдықтардың шығарылуы және

көмілуін қамтамасыз етуге (ауылдық үймелерге);  
өз аумақтарында қажет болған кезде шыбын, қоңыз, тышқандарды жою үшін дезинфекциялау және дератизациялау жұмыстарын жүргізуге міндетті.

34. Елді мекен аумағында жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізетін ұйымдар:

- 1) құрылыс алаңын екі метрден кем емес шарбақтармен қоршауға, жаяу жүрушілердің қауіпсіздігі үшін ені бір метрден кем емес қорғаныс құралын орнатуға;
- 2) құрылыс кезінде құрылыс алаңы маңындағы автожолды, сондай-ақ қоршаудың сырт жағындағы құрылыс қоқыстарын жинауға міндетті.

35. Елді мекендердің аумағында:

1) құдықтарға, су тоғандарына, газондарға, ағаштар мен бұталардың астына, көшеге, жолға кір-қоқысты, сынған мұз қалдықтарын, кірленген қарды лақтыруға;

2) орман аймағына, жол, өзен және басқа су тоғандарының маңына құрылыс, тұрмыстық және азық-түлік қалдықтарын тастауға;

3) көшелерде, аулаларда және басқа да орындарда сауда ыдыстарын (жәшіктер және бөшкелер) және басқа сауда жабдықтарын, қоқыстарды қалдырып кетуге;

4) көшеде және жалпы пайдаланымдағы қоғамдық жерлерде құрылыс материалдарын, отын мен көмірді үймелеп жинауға;

өзен және басқа су тоғандарын қатты тұрмыстық қалдықтармен және құрылыс қоқыстарымен тастауға;

үй іргесіне, сыртқы жарықтандыру таяныштарына, ағаштарға және бұндай мақсатқа арналмаған басқа жерлерге түрлі хабарландырулар ілуге;

аулалар мен көшелер аумағына азық-түлік қалдықтарын төгуге, жапырақтар жағуға және оларды көше жолдарына шығаруға;

қандай да болсын көлік түрінде дұрыс салынбаған жүкпен шығуға; өз еркімен елді мекен аумақтарын қазуға;

аумақты санитарлық тазарту және жинау жөніндегі жұмыстарды жүргізу мерзімін бұзуға;

контейнерлерді салмағы үш жүз килограмнан артық ірі салмақты тұрмыстық заттармен және құрылыс материалдарымен толтыруға, контейнерлерге сұйық қалдықтарды құюға және қоқыстарды жағуға тыйым салынады.

## **11. Қорытынды ережелер**

36. Осы қағидамен реттелмеген мәселелер заңнамада белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.

37. Осы қағиданы бұзғаны үшін заңнамада белгіленген тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылу қарастырылған.